МҒТАР/ IRSTI 03.20

Ахмет Бірімжанов: архивтік деректерді кешенді талдау негізінде саяси өмірбаянын қайта жаңғырту

Г.К. Ерменбаева[1], Г.Ж. Сұлтанғазы[2]
[1]Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Астана қ., Қазақстан
gulzhanermenbayeva@gmail.com
[2]Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана қ., Қазақстан
g_sultangazy@kazguu.kz

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан мен Ресей архив қорларынан алынған деректерді кешенді саралау негізінде XX ғасырдың басындағы мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Бірімжановтың саяси қызметінің негізгі кезеңдері зерделеніп, оларға ғылыми тұрғыдан баға берілді. Зерттеудің деректік базасын құрайтын материалдар қайраткердің тұлғалық эволюциясын – кәсіби заңгерден жалпыұлттық деңгейдегі саясаткерге дейінгі қалыптасу жолын жүйелі зерделеуге мүмкіндік береді. Авторлар А. Бірімжановтың I және II Мемлекеттік думалардағы парламенттік қызметін талдай отырып, оның аграрлық мәселе мен сот жүйесін демократияландыру жолындағы қадамдарын саяси өмірбаянының іргетасы ретінде қарастырады. Сонымен қатар, мақалада 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі мемлекетшілдік ұстанымы, атап айтқанда Уақытша үкіметтің Торғай уезіндегі комиссары және Алашорда үкіметінің мүшесі ретіндегі жауапты қызметтері саяси антропология тұрғысынан сараланды.

Архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізу арқылы қайраткердің Дала өлкесінің мүддесін қорғаудағы тактикалық тәсілдері мен құқықтық көзқарастарының сабақтастығы айқындалды. А. Бірімжановтың 155 жылдығына арналған бұл зерттеу ұлттық саяси элита өкілінің тарихи тәжірибесін мемлекеттік құрылыс сабақтастығы мен парламентаризм дәстүрлерінің дамуы тұрғысынан концептуалды талдауға бағытталған. Мақалада тұжырымдалған қорытындылар XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси қызметін зерделеудің ғылыми-теориялық базасын кеңейтеді.

Түйін сөздер: Ахмет Бірімжанов; ұлттық зиялылар; мәдени капитал; Мемлекеттік Дума; аграрлық комиссия; Мұсылман фракциясы; Жалпықазақ съезі; Алашорда; Уақытша үкімет

Ахмет Беремжанов: реконструкция политической биографии на основе комплексного анализа архивных источников

Г.К. Ерменбаева[1], Г.Ж. Сұлтанғазы[2]
[1]Архив Президента Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан
gulzhanermenbayeva@gmail.com
[2]Научный институт изучения улуса Джучи, г. Астана, Казахстан
g_sultangazy@kazguu.kz

Аннотация. В статье на основе комплексного анализа документов, полученных из архивных фондов Казахстана и России, исследуются основные этапы политической деятельности государственного и общественного деятеля начала XX в. Ахмета Беремжанова. Материалы, составляющие источниковую базу исследования, позволяют системно изучить личностную эволюцию деятеля – путь его становления от профессионального юриста до политика общенационального уровня. Авторы, анализируя парламентскую деятельность А. Беремжанова в I и II Государственных думах, рассматривают его инициативы по решению аграрного вопроса и демократизации судебной системы как фундамент его политической биографии. Кроме того, в статье с точки зрения политической антропологии проанализирована его позиция государственника в период после Февральской революции 1917 г., в частности деятельность на посту комиссара Временного правительства по Тургайскому уезду и в качестве члена правительства Алаш-Орды.

Введение архивных документов в научный оборот позволило выявить преемственность тактических приемов и правовых взглядов деятеля в защите интересов Степного края. Исследование, посвященное 155-летию А. Беремжанова, направлено на концептуальный анализ исторического опыта представителя национальной политической элиты в контексте преемственности государственного строительства и развития парламентских традиций. Сформулированные в статье выводы расширяют научно-теоретическую базу по изучению политической деятельности казахской интеллигенции начала XX в.

Ключевые слова: Ахмет (Ахмед) Беремжанов; национальная интеллигенция; культурный капитал; Государственная Дума; аграрная комиссия; Мусульманская фракция; Общеказахский съезд; Алашорда; Временное правительство

Ahmet Beremzhanov: A Reconstruction of His Political Biography Based on a Comprehensive Analysis of Archival Sources

G.K. Yermenbayeva[1], G.Zh. Sultangazy[2]
[1]Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
gulzhanermenbayeva@gmail.com
[2]Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan
g_sultangazy@kazguu.kz

Abstract. The article reconstructs the multifaceted political biography of Akhmet Beremzhanov, a prominent statesman and public figure of the early 20th century, based on a comprehensive analysis of documents retrieved from the archival funds of Kazakhstan and Russia. The materials forming the source base of this study allow for a systematic examination of the subject's personal evolution — from a professional lawyer to a national-level politician. Analyzing Akhmet Beremzhanov's parliamentary activities in the I and II State Dumas, the authors consider his initiatives aimed at resolving the agrarian question and democratizing the judicial system as the foundation of his political biography. Furthermore, the article analyzes his statist position during the period following the February Revolution of 1917, specifically his administrative and legal roles as the Provisional Government Commissioner for the Turgay district and as a member of the Alash Orda government, from the perspective of political anthropology.

By introducing archival documents into scientific discourse, the continuity of his strategic tactics and legal views in defending the interests of the Steppe region (the Kazakh Steppe) is clarified. Commemorating the 155th anniversary of Beremzhanov's birth, the study reevaluates the historical experience of the national political elite through the prism of modern state-building and parliamentary traditions. The findings offer significant scientific insights for researchers of the political history of the Kazakh intelligentsia in the early 20th century.

Keywords: Ahmet (Ahmed) Beremzhanov; national intelligentsia; Cultural capital; State Duma; Agrarian Commission; The Muslim Fraction; All-Kazakh Congress; Alash-Orda; Provisional Government

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысындағы дәстүрлі қазақ қоғамы Ресей империясының әкімшілік-саяси реформалары салдарынан терең трансформацияға ұшырады. Бұл кезеңдегі маңызды тарихи үдеріс – дәстүрлі құндылықтар мен жаңарған саяси институттар арасындағы байланысты қамтамасыз еткен жаңа интеллектуалды элитаның қалыптасуы болып табылады.

Қазіргі заманғы әлеуметтану тұрғысынан, атап айтқанда француз этнологы және әлеуметтанушы Пьер Бурдьеннің теориясына сәйкес, бұл үдеріс «мәдени капиталдың» жиналуы мен конвертациясы ретінде сипатталуы мүмкін (Бурдье 2007). Жаңа қазақ зиялылары дәстүрлі көшпенділердің мемлекеттік басқару құрылымдарының генетикалық мұрагерлері болып саналса да, олардың мәртебесі тек шығу тегіне емес, сонымен қатар шығыс дәстүрлерін батыс білім беру жүйесімен біріктіруіне негізделген еді. Осы «жиналған капи-

тал» оларға ұлттың дамуы үшін балама жолдарды іздеуге арналған автономды интеллектуалды алаң қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі мемлекеттік құрылыс пен парламентаризм институттарын жетілдіру жағдайында ұлттық элитаның тарихи тәжірибесін ғылыми тұрғыдан саралау қажеттілігімен айқындалады. Мұндай жағдайда XX ғасырдың басындағы мемлекет қайраткерлерінің, соның ішінде Ахмет Бірімжановтың мұрасына үңілу жай ғана өмірбаяндық деректер жинағы емес, ұлттық мүдделерді жаһандық өзгерістерге бейімдеудің тарихи тәжірибесін зерделеу болып табылады. Зерттеудің маңыздылығы А. Бірімжановтың 155 жылдық мерейтойымен ұштасып, оның отандық құқықтық және саяси институттардың қалыптасуына қосқан үлесін жаңаша пайымдау қажеттілігін негіздейді.

Зерттеудің мақсаты – отандық және шетелдік архив қорларынан алынған құжаттарды кешенді талдау негізінде мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Бірімжановтың қоғамдық-саяси қызметінің негізгі кезеңдерін зерделеу және оның отандық құқықтық жүйенің қалыптасуына қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан бағалау.

Зерттеу нысанының мазмұнын ашуда архивтік мұра негізгі дереккөз базасын құрайды. Архивтік деректер қайраткердің тегі мен білімінен бастап, оның мемлекеттік деңгейдегі маңызды шешімдер қабылдау кезеңіне дейінгі бүкіл саяси жолын нақты құжаттармен дәйектеуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың әдіснамалық негізін Қазақстан мен Ресейдің ірі архивтік қорларында шоғырланған А. Бірімжановтың деректік мұрасына кешенді деректанулық талдау жасау тәсілі құрайды. Зерттеу барысында тартылған дереккөздердің ауқымды географиясы, атап айтқанда: ҚР Президентінің Архиві (ҚР ПА), ҚР Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), Астана қаласының мемлекеттік архиві, сондай-ақ Ресей мемлекеттік тарихи архиві (РГИА) мен Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві (ГАРФ) қорлары қайраткердің саяси жолын объективті түрде ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталған құжаттар кешені тақырыптық және хронологиялық белгілер бойынша жіктелді. Бұл А. Бірімжановтың тұлғалық әлеуетінің қалыптасуы мен жүзеге асырылу кезеңдерін жан-жақты жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Дереккөздердің алғашқы тобын тұлғаның «мұраға қалған капиталының» (inherited capital) негіздерін айғақтауға мүмкіндік беретін генеалогиялық және өмірбаяндық сипаттағы құжаттар құрайды. ҚР ОМА қорларындағы (4-қор – «Орынбор шекара комиссиясы», 25-қор – «Торғай облыстық басқармасы») материалдар А. Бірімжановтың әкесі мен оның жақын ортасының әкімшілік-басқару қызметін сипаттайды. Бұл құжаттар әулеттің жоғары әлеуметтік мәртебесін және оның Торғай өңірінің саяси иерархиясына терең ықпалдасқанын айқын дәлелдейді.

Дереккөздердің екінші тобын Астана қаласының мемлекеттік архиві қорларынан (136-қор – «Ақмола уездік басқармасы», 430-қор – «Шетел архивтерінен анықталған архивтік құжаттар коллекциясы») анықталған материалдар құрайды. Олар А. Бірімжановтың кәсіби даярлық кезеңін қамтып, академиялық үлгерім динамикасын ғана емес, сонымен бірге дүниетанымы мен құқықтық санасының қалыптасуына ықпал еткен зияткерлік ортасын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Дереккөздердің үшінші тобын А. Бірімжановтың белсенді мемлекеттік және саяси қызметін айғақтайтын құжаттық материалдар құрайды. Бұл топқа ҚР Президентінің Архиві (352-қор – «XX ғасырдағы саяси репрессияларға қатысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің архивтік құжаттар коллекциясы»), ҚР ОМА (322-қор – «Торғай облысы комиссары канцеляриясы», 17-қор – «Торғай облыстық комиссариаты, Уақытша үкімет», 18-қор – «Торғай басқармасы», 16-қор – «Торғай облыстық әскери комиссариаты») материалдары кіреді. Сондай-ақ Ресей мемлекеттік тарихи архиві (РГИА, 1278-қор – «I, II, III және IV шақырылымдағы Мемлекеттік дума») мен Ресей Федерациясының мем-

лекеттік архиві (ГАРФ, 1701-қор – «Ішкі істер министрлігінің жергілікті бөлімі», 749-қор – «Комуч», 192-қор – «Директория жанындағы құқықтық кеңес») қорларынан алынған деректер зерттеудің негізіне айналды.

Зерттеудің өзіндік ерекшелігі – А. Бірімжановтың тұлғалық қалыптасуы мен қоғамдық қызметін тарихи контексте зерделеуге мүмкіндік беретін тарихи-өмірбаяндық әдістің қолданылуында. Бұл тәсіл қайраткердің өмір жолын сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси үдерістермен сабақтастықта талдауға негіз болды. Сондай-ақ, тарихи-өмірбаяндық әдіспен қатар П. Бурдьенің «мәдени капитал» тұжырымдамасына негізделген әлеуметтік-талдау тәсілі қолданылды. Бұл әдіснамалық ұстаным А. Бірімжановтың тұлғалық қалыптасуын тек білімі мен кәсіби біліктілігі тұрғысынан ғана емес, оның әлеуметтік тегі, отбасылық тәрбиесі мен мәдени ортасы арқылы берілген құндылықтар жүйесімен сабақтастықта зерделеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі жаһандық түбегейлі өзгерістер дәуірінде қызмет еткен қазақ зиялыларының ішінде Ахмет Бірімжанов тұлғасы ерекше орын алады. Оның өмір жолын ұлттық элитаның даму және өсу жолының айқын үлгісі ретінде қарастыруға болады: ол алғашқы қоғамдық-саяси қадамдарынан бастап, империялық және ұлттық саясаттың жоғары деңгейлеріне дейін көтерілді.

Арғын руының Торғай уезіндегі билер әулетінен шыққандығы А. Бірімжановқа тек жоғары әлеуметтік мәртебе ғана емес, сонымен бірге өрісті білім мен тәрбие негізін (мәдени капиталын) де берді. Орынбор гимназиясында классикалық білім алып, кейін Қазан университетінің заң факультетін тәмамдауы оған Ресей империясының құқықтық ортасына еркін енуіне және сол дәуірдегі сирек кәсіби қазақ заңгерлерінің бірі болуына жол ашты[1].

А. Бірімжановтың саяси тұлға ретіндегі белсенділігі 1905–1906 жылдары айқын көрініс тапты. Ол осы кезеңде Торғай облысынан I және II Мемлекеттік думаларға екі мәрте депутат болып сайланды. Оның халықтық өкілдік жұмысына қатысуы, сондай-ақ жалпықазақ съездеріндегі (Орал, Семей, Орынбор) жетекші рөлі «Алаш» партиясының болашақ бағдарламасының негізін қалады. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатовпен рухани-зияткерлік сабақтастықта бола отырып, А. Бірімжанов ұлттық қозғалыстың құқықтық негіздерін қалыптастырушылардың біріне айналды.

1917 жылдан бастап кеңес билігінің толық орнығу кезеңіне дейінгі уақыт А. Бірімжановтың саяси өмірбаянындағы ең шешуші кезең болды. Уақытша үкіметтің Қостанай уездік комиссары қызметінен Алашорданың Халық кеңесіне мүшелікке өтуі оның өлкенің өзін-өзі басқару ісіне белсенді қатысқанын айғақтайды. Тәжірибелі келіссөз жүргізуші ретінде ол автономия мүддесін большевиктерге қарсы күштермен өзара әрекеттесу барысында қорғады. Дегенмен, ұлттық аймақтарға қатысты «ақтар» режимінің теріс саясаты А. Бірімжановты, «Алаш» жетекшілерінің көпшілігі сияқты, кеңес билігімен еріксіз, бірақ тиімді ымыраға келуге мәжбүр етті.

Жаңа саяси жағдайда заңгер Ахмет Бірімжановтың жинақтаған тәжірибесі Қазақ АКСР-і Әділет халық комиссариаты мен Жоғарғы сотында сұранысқа ие болды. Оның өмір жолы – билер әулетінің мұрагерінен Думадағы трибунаға, одан кеңестік қызметкерге дейінгі аралықты қамтиды. Бұл – идеологиялық құндылықтардың күрт ауысуы жағдайында мемлекетшілдік болмысын сақтап қалуға тырысқан ұлттық зиялылардың күрделі тағдырын танытатын тарихи мысал болып табылады.

Ахмет Бірімжанов тұлғасының қалыптасу негіздері мен оның саяси жолы – XX ғасырдың басындағы ұлттық зиялы қауым тағдырының айқын көрінісі. Оның Торғай өңіріндегі ерекше мәртебесі терең тарихи тамырлармен өзектес: А. Бірімжанов беделді әулеттен шыққан, ал оның көшбасшылық қасиеті рулық және отбасылық бірліктің берік қағидала-

рына негізделген. Бұл Бірімжановтар әулетіне ұзақ уақыт бойы қазақ даласында ықпал ету үшін тек өзге билер әулеттерімен ғана емес, сонымен бірге сұлтандар (төрелер) әулетімен де тең дәрежеде бәсекелесуге мүмкіндік берді.

Бұл ықпалдың сабақтастығы әулеттің әлеуметтік рөлінің эволюциясынан айқын көрінеді. Егер Бірімжановтардың арғы аталары жауынгерлер мен әскери қолбасшылар ретінде танылса, XIX ғасырдың ортасына қарай әулет стратегиясы құқықтық реттеу бағытына қарай ойысты. «Құқықтық дәстүрлер мен кодекстердің білгірлері» мәртебесіне ие болған әулет өкілдері ірі руаралық дауларды шешуде дәстүрлі төреші (медиатор) рөлін атқарды. Архивтік деректер Ахметтің әкесі – Қорғамбек Бірімжановтың зор беделін айғақтайды: ол дағдарыстық жағдайларды құқықтық нормалар аясында реттегені үшін әкімшілік тарапынан бірнеше рет марапатталған. Әулеттің жоғары сараптамалық мәртебесі империялық билік тарапынан ресми түрде мойындалды: өңір басшылығы аймақтағы ру-тайпалық және әлеуметтік-саяси үдерістердің білікті сарапшысы ретінде Қорғамбек Бірімжановтың пікіріне сүйенген[2].

Осындай ортадағы тәрбие Ахмет Бірімжановтың заманауи құқықтану жүйесін ерте меңгеруіне негіз қалады. Алайда, алдыңғы буын өкілдеріне қарағанда, оның тұлғалық қалыптасуы жаңа білім беру жүйесі аясында өтті: Орынбор гимназиясы мен Қазан университетінің заң факультеті оған еуропалық үлгідегі кәсіби заңгер мәртебесін берді. Нәтижесінде қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып құқығы мен империялық сот жүйесінің бірегей ұштасуы пайда болды. Бұл А. Бірімжановты бірнеше мәдениеттің тоғысындағы күрделі мәселелерді шеше алатын әмбебап маманға айналдырды.

А. Бірімжановтың жинақтаған білімі мен біліктілігі Орынбор округтік сотындағы қызметінен бастап нақты көрініс тапты. Мұнда ол аға коллеж хатшы шенімен сот лауазымдарына үміткер ретінде еңбек етті (Адрес-календарь 1905: 92). Кейіннен оның кәсіби тәжірибесі Ақтөбеде бітістіруші судья ретінде шыңдалып, 1917 жылғы революциялық оқиғалар қарсаңында Самара сотының Бузулук уезіндегі учаскесінде қызметін жалғастырды. Осылайша, белсенді саяси күрес кезеңіне қарай Ахмет Бірімжанов тек әулеттен дарыған абыройға ғана емес, сонымен бірге Ресей империясының ресми сот-әкімшілік жүйесінде қалыптасқан мінсіз кәсіби беделге ие болды.

Бірімжановтар әулетінің мүшелері дәстүр бойынша алғашқы мұсылмандық білім алған[3]. Сонымен бірге, сол кезеңдегі өзекті әлеуметтік-саяси ортаға кірігу үшін ресейлік зайырлы білім алу қажеттілігі туындады. Осыны ескере отырып, болашақ саяси қайраткердің әкесі Қорғамбек ұлы Ахметті Орынбор ерлер гимназиясына оқуға қабылдау туралы өтініш білдірді[4]. Айта кетерлігі, Қорғамбектің өзі Ыбырай Алтынсариннің алғашқы шәкірттерінің бірі бола отырып, ұзақ жылдар бойы ұстазының ағартушылық бастамаларына белсенді қолдау көрсеткен. Ол оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттерді сатып алуға жомарттық танытып (меценаттық көмек беріп), демеушілік жасаған (Васильев 1896: 127).

Ахмет Бірімжановтың кәсіби білім алу жолы 1882 жылы Орынбор ерлер гимназиясынан басталды. Тоғыз жылдық оқу кезеңі оның дүниетанымының қалыптасуы мен зияткерлік тұлға ретінде кемелденуінің шешуші кезеңіне айналды. А. Бірімжановтың академиялық қабілеті кемелдік аттестаты, мінездемесі және гимназия директорының Қазан университетінің ректорының атына жазған өтінішімен расталады[5]. Осы құжаттарға сәйкес, Ахмет тұрақты түрде үздік үлгерім көрсетіп отырған. Оның ерекше ынта-ықыласын сыныптан сыныпқа I немесе II дәрежелі марапаттармен ауысып отырғандығы айғақтайды[6].

Гимназияны күміс медальмен бітірген Ахмет Бірімжанов білімін Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде жалғастыруды ниет еткен болатын. Алайда, қалыптасқан жағдайларға байланысты ол Императорлық Қазан университетіне оқуға қабылданды[7]. Дәл осы университеттегі жылдар оның азаматтық позициясының айқындалып, жетекші

саяси платформалармен терең танысуына және идеялық бағдарларының түпкілікті қалыптасуына негіз болды.

Университетте білім алу А. Бірімжановқа классикалық еуропалық білімді батыстық либералдық-демократиялық доктриналарды зерделеумен ұштастыруға мүмкіндік берді. Бұл озық идеялар А. Бірімжановтың қоғамдық-саяси бағдарламасының қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Оның саяси мұраты – ұлттық бірегейлікті мүлтіксіз сақтай отырып, қазақ халқының мемлекеттілік пен мәдениеттің заманауи формаларына қол жеткізуі болды.

А. Бірімжановтың саяси жолының басталуы оның I және II Мемлекеттік думадағы парламенттік қызметімен тікелей байланысты. Торғай облысынан сайланған ол, іс жүзінде, империялық деңгейде бүкіл Дала өлкесінің мүддесін қорғаған санаулы өкілдердің бірі болды. Қазақ зиялыларының ресми саяси кеңістікке жүйелі түрде енуіне 1905 жылғы 17 қазандағы Манифест жол ашты. А. Бірімжанов аталған құжат жариялаған азаматтық бостандықтарды ұлттық элитаның заңды саяси күреске өтуінің басты шарты деп білді. Бұл тарихи бетбұрыс бүкіл Қазақ даласында қоғамдық толқулар мен митингілерге түрткі болып, халықтың саяси сауатын көтеруге және ұлттық құқықтарды қорғау талаптарын біріктіруге арналған негізгі алаңға айналды.

Ахмет Бірімжановтың Торғай облысынан депутат болып бірауыздан сайлануы біршама негізді еді: оның жеңісіне әулетінің жоғары әлеуметтік капиталы мен абырой-беделі негіз болды. Айта кетерлігі, кандидатты ұсыну кезеңі ешқандай алдын ала саяси үгіт-насихатсыз өтті. Әскери губернатор А. Ломачевский өзінің ресми мәлімдемесінде А.Бірімжановтың ешқандай партияға мүше еместігін және жергілікті халықтың мүддесін қорғауға басымдық беретінін атап өтіп, оның Мемлекеттік думаға «өзінің өресі жағынан ең лайықты тұлға ретінде» сайланғанын ерекше көрсеткен[8].

Петербургке келген бойда Ахмет Бірімжанов заң шығарушы органның ішкі регламенті мен күн тәртібін егжей-тегжейлі зерделеуге кірісті. Ресми түрде ешқандай партияға мүше болмағанымен, оның саяси ұстанымы «Халық бостандығы» (кадеттер) партиясының бағдарламасына жақын еді. Нәтижесінде, А. Бірімжанов Ресей империясының ұлттық аймақтарынан сайланған депутаттардың басын қосқан негізгі саяси платформа – Мұсылман фракциясының құрамына енді.

А. Бірімжановтың Думадағы қызметіндегі басты басымдық – жер мәселесі болды. Ол Аграрлық комиссияның құрамын қайта қарау барысында Дала өлкесі депутаттарының мүддесін белсенді қорғады. Комиссия мүшелерінің санын анықтаудағы пікірталас кезінде А. Бірімжанов орындарды 103 – 104-ке дейін ұлғайтуды ұсынды. Ол регламенттегі құқықтық қайшылықты (коллизияны) дәл көрсетіп берді: Сібір мен Кавказға орындар нақтыланғанымен, бес қазақ облысы мен Бөкей ордасының өкілдік мәртебесі ескерілмеген еді. Қазақ депутаттарына кемінде екі орын бөлуді талап ету арқылы ол Дала өлкесін империяның аграрлық саясатындағы дербес субъект ретінде тануды мақсат етті (Государственная Дума, 1906: 1863).

А. Бірімжановтың бұл бастамасы аймақтық делегациялар мен Аграрлық комиссияның ішіндегі қайшылықтарды ашып көрсетіп, қызу пікірталас тудырды. Сібір депутаттары (атап айтқанда, И. Лаптев) өз квоталарының азайып кетуінен қауіптеніп, басында Дала өлкесі өкілдерінен алшақ тұруға тырысты (Государственная Дума 1906: 1863). Дегенмен, аграрлық мәселелердің ауқымдылығы сібірлік делегаттарды мойындауға мәжбүр етті: олар бөлінген орындардың казактардан бастап Шығыс Сібір мен Қазақстанның жергілікті халықтарына дейінгі барлық топтардың мүддесін қорғауға жеткіліксіз екенін түсінді.

Ахмет Бірімжановтың ұстанымына белгілі заңгер, профессор Л. Петражицкий елеулі қолдау көрсетті. Ол квоталарды қайта қарау қажеттілігін тек әділдік принципімен ғана емес, сонымен бірге аймақтардың ерекшелігімен де негіздеді: оның пікірінше, шет аймақтардың ұлан-ғайыр аумағы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларының әртүрлілі-

гі тіпті пропорционалды деңгейден де жоғары өкілдікті талап ететін еді (Государственная Дума 1906: 1864). Пікірталасқа Мұсылман фракциясының өкілі Ә. Сыртланов та қосылып, мәселенің жүйелі сипатына тоқталды. Ол комиссиядағы Кавказ, Сібір және Түркістан үшін бөлінген орындардың аздығы (99 орынның тек 8-і ғана) империя үкіметінің ұлттық аймақтарға арналған сайлау квоталарын анықтаудағы кемсітушілік саясатының салдары екенін атап көрсетті (Государственная Дума 1906: 1865).

Бұл ретте А. Черносвитовтың сөзі маңызды рөл атқарды. Ол регламентте қазақ депутаттарының «ескерусіз қалу» себебін түсіндіріп өтті: ресми түрде олар Дала облыстарындағы сайлау аяқталып, Петербургке келген бойда жұмыс процесіне қосылуы тиіс деп ұйғарылған болатын (Государственная Дума 1906: 1866). Осылайша, либералдық қанат (кадеттер) мен Мұсылман фракциясы қолдаған А. Бірімжановтың дәлелді уәждері бұл мәселені техникалық деңгейден империяның ұлттық аймақтарының құқықтарын саяси тұрғыдан қорғау деңгейіне көтеруге мүмкіндік берді.

Соған қарамастан, бұл және басқа да көптеген түйткілді мәселелер сол күйі шешімін таппады: I Мемлекеттік Думаның ғұмыры қысқа болды. Император II Николайдың Жарлығымен Дума таратылып, депутаттық комиссиялардың барлық жұмысы тоқтатылды.

II Мемлекеттік Думада жер мәселесі империяның ішкі губернияларынан басталған қоныс аудару толқынына байланысты одан әрі шиеленісті. Үкіметтің аграрлық саясатына тек «инородцы» ғана емес, Сібір шаруалары да қарсылық танытты. Мәселен, депутат Н. Коншин қоныс аудару қозғалысының Ресейдегі аграрлық дағдарысты шеше алмайтынын атап өтті: «Никакие переселения в Сибирь общерусского аграрного вопроса решить нисколько не помогут. Сибиряки с цифрами и фактами в руках могли бы доказать ту крайнюю неточность сведений о свободных для переселения земель, ссылаясь на которую правительство побуждает крестьян двинуться в Азию. В таком громадном общегосударственном деле как переселение всякие неправильности должны быть моментально исправлены» (Государственная Дума 1907а: 2271-2272).

Дегенмен, сібірлік депутаттардың сыны мәселенің тек экономикалық жағын ғана қамтыды. Олардың назарынан ата-бабадан қалған жерлерді мәжбүрлеп тартып алу және жергілікті халықты заңсыз ығыстыру проблемалары тыс қалды. Бұл бұзушылықтар 53 депутат қол қойған Министрлер Кеңесінің Төрағасының атына ресми сауал жолдауға негіз болды. Қазақ даласындағы қоныс аудару басқармасының заңсыз әрекеттерін әшкерелеген бұл құжаттың бастамашылары – Мұсылман фракциясының лидерлері Ахмет Бірімжанов пен Сәлімгерей Жантөрин еді (Мусульманские депутаты 1998: 10).

Қазақ депутаттық корпусының басты міндеті – Ресей империясы шеңберінде шынайы азаматтық теңқұқықтыққа қол жеткізу болды. Соның ішінде сот ісін жүргізу мен білім беру саласындағы әкімшілік кедергілерді еңсеруге ерекше көңіл бөлінді. Өйткені бұл салаларда орыс тілінің үстемдік етуі жергілікті халықты елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысу мүмкіндігінен іс жүзінде оқшаулап тастаған еді.

А. Бірімжанов II Мемлекеттік Думада жергілікті соттарды реформалау жөніндегі комиссияның құрамына енді. Айта кетерлігі, сот жүйесін қайта қарау бастамасы «жоғарыдан» туындады: 1907 жылғы 16 наурызда Әділет министрі жергілікті соттарды қайта құру туралы заң жобасын ұсынды. Ол уақытта сот жүйесінің дағдарысқа тірелгені баршаға мәлім еді. Құжатты егжей-тегжейлі пысықтау мақсатында 24 депутаттан тұратын арнайы комиссия құрылып, наурыз айының соңында өз жұмысына кірісті (Государственная Дума 1907б).

1907 жылғы 14 сәуірде Ахмет Бірімжанов комиссия төрағасының атына ресми мәлімдеме жолдап, онда сот төрелігіндегі тіл саясатына баса назар аударды. Министрлік жобасына заңгерлік сараптама жасай отырып, А. Бірімжанов іс қағаздарын тек орыс тілінде жүргізу міндетіне (жобаның 11-бабы) үзілді-кесілді қарсы шықты. Ол сот ісін жүргізуде ана тілін қолдану құқығын және судьялар үшін жергілікті тілдерді білу жөніндегі міндетті ценздi енгізу мәселесін комиссия күн тәртібіне қоюды талап етті[9]. Осылайша, оның қызметі қа-

зақ халқының құқықтық оқшауланuын еңсеруге және империялық сот жүйесін ұлттық жағдайларға бейімдеуге бағытталды.

А. Бірімжановтың бастамасы Г. Мусин, Н. Коншин және С. Сундерлянд сияқты депутаттар тарапынан қолдау тауып, 1907 жылғы 2 мамырда комиссия отырысында талқылау нысанына айналды. Негізгі дау судьяның жергілікті тілдерді міндетті түрде білуі туралы талап төңірегінде өрбіді. Комиссия төрағасы басында бұл мәлімдемені қабылдамай тастауға тырысты. Ол өз уәжін үкіметтік заң жобасы ұлттық аймақтарға емес, тек империяның «ішкі» губернияларына ғана бағытталған деп негіздемек болды[10].

Дегенмен, А. Бірімжанов пен оның жақтастары Орталық губерниялардың өзінде – Қазан, Самара, Симбирск, Тамбов өлкелерінде, сондай-ақ Қырымда өзге тілді уездердің бар екенін алға тартып, салмақты уәж келтірді. Депутаттар судьяның тілдік құзыреттілігінің болмауы сот жүйесіне нұқсан келтіріп, төрелік сапасын төмендететінін баса айтты. Халықтың құқығын қорғау шарасы ретінде олар көпұлтты аймақтардағы судьялар үшін арнайы емтихандық ценз енгізуді ұсынды: «Мұндай жағдайды болдырмау үшін аталған жерлердегі жергілікті судьяның негізгі жергілікті тілдерді білуін міндеттеу қажет және бұл біліктілік ол сайланған кезде тиісті емтихан тапсыру арқылы расталуы тиіс»[10].

Соған қарамастан, комиссия мүшелерінің көпшілігі бұл талапты ресми бекітуге қарсы болды. А. Бірімжановтың оппоненттері соттың сайланбалылық принципіне сүйеніп, сайлаушылардың лайықты кандидатты өздері анықтайтынын алға тартты. Сонымен қатар, этникалық құрамы аралас аймақтарда (мысалы, Самара губерниясында) тілдік цензді енгізудің техникалық күрделілігіне назар аударылды. Мұндай өлкелерде бір тілдің басымдығын заңдастырудың қиындығы негізгі уәж ретінде айтылды.

Тілдік цензге қатысты туындаған қайшылықтар комиссия ішіндегі пікірлердің екіге бөлінуіне әкеп соқтырды. Судьялардың тілдік құзыреттілігін міндеттеуді талап еткен А. Бірімжанов, Г. Мусин және Н. Коншиннің табанды ұстанымына қарамастан, комиссия мүшелерінің көпшілігі мұндай талап бітістіруші судьяларды сайлау процесіне нұқсан келтіреді деп қауіптенді. Пікірталас қорытындысы ашық дауыс берумен аяқталды: көпшілік дауыспен (12 қарсы, 7 қолдау) жергілікті тілдерді білу жөніндегі арнайы цензді енгізу туралы ұсыныс қабылданбады[10].

Сот жүйесінде ұлттық тілдерді қолдану мәселесін күн тәртібіне шығару – А. Бірімжановтың ең басты саяси еңбектерінің бірі болды. Мемлекеттік Думадағы қызметі оның саяси тұлға ретінде қалыптасуына және кәсіби шыңдалуына зор ықпал етті. Депутаттың сауалнамалық мәліметтерін талдау оның саяси өзін-өзі тану динамикасын айқын көрсетеді: егер қызметінің басында А. Бірімжанов өзін «партиясыз» деп көрсетсе, II Мемлекеттік Думадағы жұмыс барысында ол өзін Мұсылман фракциясымен нақты байланыстырды[10].

Парламенттік кезең Ахмет Бірімжановтың мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуындағы шешуші белес болды. Оның жергілікті соттарды реформалау және әскери-далалық соттарды жою жөніндегі комиссиялардағы қызметі империяны демократияландырумен қатар, Дала өлкесінің құқықтық мәртебесін қорғау үшін стратегиялық маңызға ие болды. Сонымен қатар, ол Ш. Қосшығұловпен бірлесіп мұсылмандық білім беру туралы заң жобасын әзірлеуге және Мұсылман фракциясының саяси бағдарламасын жасауға елеулі үлес қосты. Осы тәжірибе оның ұлттық қозғалыстағы келесі қызметінің берік іргетасына айналды.

Дегенмен, монархиялық құрылым жағдайында А. Бірімжанов пен басқа да депутаттар империяның саяси жүйесінің негіздерін сақтауға ұмтылған бюрократиялық аппараттың қатаң қарсылығын еңсере алмады. Соған қарамастан, А. Бірімжановтың Думадағы қызметі ұлттық сана-сезімнің өсуіне қуатты серпін берген факторға айналды. Бұл процестің іс жүзіндегі нәтижесі – қазақ халқының сайлауға белсенді қатысуы және олардың жаңа

зиялы қауымға – білімді заңгерлер мен қоғам қайраткерлеріне бет түзеуі болды. Ахмет Бірімжанов осы шоғырдың ең жарқын өкілі еді.

Ақпан революциясынан кейінгі саяси режимнің ауысуы және Уақытша үкімет институттарының құрылуы бұрынғы империяның шет аймақтарындағы басқару аппаратының терең трансформациялануына жол ашты. Ә. Бөкейхановтың бастамасымен Қостанай уезінің комиссары лауазымына А. Бірімжанов ұсынылды[11]. Оның кандидатурасын таңдауға іргелі заңгерлік білімі, либералдық-демократиялық құндылықтарға адалдығы және идеологиялық парадигмалардың күрт өзгеруі жағдайында тиімді жұмыс істей білу қабілеті негіз болды.

Комиссар лауазымында А. Бірімжанов өлкенің қордаланған күрделі мәселелерімен – жер дауынан бастап, мектеп білімінің мұқтаждығына дейінгі түйткілдермен бетпе-бет келді. Жалпы саяси тұрақсыздық, соғыс уақытының ауыртпалығы және негізгі реформаларды Құрылтай жиналысына дейін шегере берген орталық биліктің шешімсіздігі жергілікті әкімшіліктің жұмысын айтарлықтай қиындатты.

Уездік комиссариаттарға жүктелген басым міндеттердің бірі – 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлық бойынша тыл жұмыстарына мобилизацияланған қазақтарды қайтаруды ұйымдастыру болды. Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 14 наурыздағы қаулысы «бұратана» халықты мобилизациялауды ресми түрде тоқтатты (Алаш-Орда 1992: 21).

Комиссар қызметінің бұдан кем түспейтін маңызды бағыты халық ағарту жүйесін реформалау болды. Әр ауылда дерлік жұмыс істеп тұрған дәстүрлі мектептерді империялық әкімшілік іс жүзінде елеусіз қалдырып, оларды ресми бастауыш білім беру жүйесіне қоспаған еді. Оқу процесін «қалыпты жолға қою» мақсатында А. Бірімжанов мектептер мен медреселердің материалдық-техникалық базасы, оларды қаржыландыру көздері, оқушылар саны, сондай-ақ педагог кадрлардың сапалық құрамы мен олардың білім деңгейі туралы ауқымды мәліметтер жинауды бастады[12].

1917–1918 жылдар «Алаш» съездерінің өткізілуімен ерекшеленді. Қазақ қоғамының озық ойлы топтарының, сондай-ақ оның бағдарламалық ұстанымдарын қолдаған өзге этностардың қозғалысқа кең ауқымда тартылғанын өңірлік талдау көрсетеді.

Болашақ мемлекеттік құрылымды заңнамалық тұрғыдан қалыптастыру жағдайында құқықтанушылардың рөлі арта түсті. Осыған байланысты А. Бірімжанов Торғай облыстық съезінің сот комиссиясының құрамына енгізілді. Кәсіби заңгер ретінде ол жаңа сот жүйесінің жобасын әзірлеуде шешуші рөл атқарды.

1917 жылғы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен жалпықазақ съезінде А. Бірімжанов Торғай облысынан Алаш-Орда Халық кеңесінің құрамына сайланды[13].

Қазан төңкерісі және одан кейін басталған Ресейдегі Азаматтық соғыс большевиктерге қарсы оппозиция ішіндегі жүйелік қайшылықтарды одан әрі тереңдете түсті. Кеңестікке қарсы лагерьдің саяси тұрғыдан бытыраңқылығы мен ішкі тұтастығының болмауы Еуразия кеңістігіндегі болашақ мемлекеттік құрылым мен ұлттық мәселе жөніндегі өзара қарама-қарсы көзқарастардан туындады.

Осындай күрделі тарихи жағдайда «Алаш» партиясы шет аймақтардың автономия алу құқығын жоққа шығарған күштерге қарсы тұрып, іс жүзінде екі бағытта күрес жүргізуге мәжбүр болды.

Осы дағдарысты кезеңде А. Бірімжановтың дипломатиялық әлеуеті айқын көрінді. 1918 жылғы маусымда ол Самара қаласында Құрылтай жиынның мүшелері Комитетінің (Комуч) құрамына Алаш партиясы атынан өтіп, Еділ бойы мен Оңтүстік Орал өңірлерімен іс-қимылды үйлестіруге ықпал етті.

А. Бірімжановтың саяси салмағы 1918 жылғы қыркүйекте өткен Уфа мемлекеттік жиынының жұмысына қатысуы арқылы да дәлелденді. Бұл жиында ол қос мәртебеде – ұлттық ұйым жетекшісі әрі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының мүшесі ретінде сөз сөйледі.

Сібір мен Орал өңіріндегі саяси күштердің кең ауқымы тарапынан оның заңдылығының мойындалуы А. Бірімжановтың жалпы мемлекеттік деңгейдегі беделін айқындай түсті.

Азамат соғысы кезіндегі саяси жағдайлар Алашорда үкіметінің таратылуына әкелді. А. Бірімжанов бастаған қозғалыс жетекшілерінің кеңес өкіметіне өтуі – ұлт зиялыларын сақтап қалу және жаңа жүйеде халық мүддесін қорғау үшін жасалған стратегиялық таңдау болды.

А. Бірімжанов Семей қаласында болған кезеңінде ұлттық зиялы қауымның өкілдерімен бірлесе отырып Ішкі істер министрлігінің «Түземдік бөлімшесіне» арналған жазбаны әзірлеуге қатысты.

Бұл жазбада біртұтас Ресей мемлекеті құрамындағы автономияны басқару жүйесін реформалау жобасы ұсынылды. Құжат авторлары жалпыресейлік мемлекеттік тұтастықты қалпына келтіру идеясына стратегиялық тұрғыдан берік екендерін атап көрсетті. Сонымен бірге олар кеңес өкіметіне қарсы күштерді топтастыру мақсатында «ұлттық ұмтылыстарды» уақытша шектеуге дайын екендерін мәлімдеді[14].

Сонымен қатар, жоба билік органдарының институционалдық құрылымын елеулі қайта өңдеуді ұсынды. Атап айтқанда, бас өкілетті тұлғаның мәртебесі сынға алынған: «Главноуполномоченный по управлению киргизскими областями, составляющими автономию Алаш, по существу своему и по смыслу указа 4-го ноября 1918 года не может быть представителем отдельного Министерства, ибо, в сущности, он заменяет Алаш-Орду. Он должен быть органом национального управления киргизского народа. Поэтому он не может, быть зависим от Министерства внутренних дел и может подчиняться лишь Совету Министров. При Главноуполномоченном должен быть Совет, помимо товарищей его»[14].

Аймақтық әкімшілік басқару мәселесінде А. Бірімжанов пен оның серіктері ұлттық басқару принципін ұсынды: «Осыған сәйкес қазақ халқы әкімшілік және милициялық басқару саласында қазақ ұлттық басқару органдарына бағынады. Сондықтан облыстарда, уездерде және болыстарда Бас өкілетті тұлғаға бағынышты жеке басқару органдары құрылуы тиіс».

«Алаш» жетекшілері жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне ерекше назар аударып, ұлттық земстволық модельді енгізуді ұсынды. Меморандумда облыстық және уездтік земство мекемелерін жалпы азаматтық құрылым ретінде сақтау ұсынылса да, болыстық земстволарды қазақ халқы үшін жеке бірліктер ретінде бөлу қарастырылған.

Бұл бастама көшпелі және отырықшы халықтың өмір салты мен терең әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне негізделіп дәлелденген[15].

Алайда қолайсыз әскери жағдай мен Қызыл армияның шабуылы әкімшілік реформаларды аяқтауға мүмкіндік бермеді. А. В. Колчак үкіметімен және ұлттық автономия идеясына қарсы көзқарас танытқан басқа антибольшевиктік күштермен одақтасудың әрі қарай беделсізденуі стратегиялық курсты қайта қарауға әкелді.

1919 жылғы ақпанда Алаш-Орда жетекшілігі контрреволюциялық лагерьлермен ынтымақтастық перспективасына көңілі толмағандықтан, Кеңес өкіметінің жағында бірігу жөнінде келіссөздерді бастады.

Осылайша, Ақпан төңкерісінен кейінгі демократиялық өзгерістер бұрын экономикалық және азаматтық құқықтар үшін күресте шектелген ұлттық зиялы қауымның саяси қызметін заңдастыруға жағдай жасады. Бұл кезең қысқа болса да, А. Бірімжановтың қызметі бірқатар маңызды практикалық қадамдармен есте қалды: этносаралық қақтығыстарды болдырмау үшін жер комитеттерін құру, әскерге шақырылған жұмысшылардың оралуын ұйымдастыру, ұлттық білім беру жүйесін орнықтыру және Костанай уезінде земство құрылымдарын енгізу.

А. Бірімжановтың саяси өмірбаяны осы кезеңде жалпыұлттық қозғалыспен және парламентаризм идеалдарымен тығыз байланысты болды. Алайда Қазан оқиғасынан кейінгі дамудың радикалды бағыты осы реформалардың жүзеге асуын тоқтатып, ұлттық элитаны Азаматтық соғыс жағдайында мемлекеттік тұтастықты сақтаудың жаңа жолдарын іздеуге мәжбүр етті.

1920 жылдардың басында Қазақ АССР-де мемлекеттік құрылыс процесі мен іс-құжат жүргізуді қалыпқа келтіру қажеттілігі революцияға дейінгі кәсіби мамандарды басқару аппаратына тартуды талап етті.

А. Бірімжанов терең құқықтық білімі мен мол заң шығарушылық тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа билік тарапынан жоғары білікті маман ретінде сұранысқа ие болды. Қатаң идеологиялық шектеулерге қарамастан, ол Халық әділет комиссариатының сот құрылысы бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды[16].

А. Бірімжановтың Халық әділет комиссариатындағы қызметі бірқатар жүйелік өзгерістермен ерекшеленді. Оның басшылығымен тергеушілерді сайлау институтын енгізу, халық соттарының кадрлық резервін құру және аудандарға шығатын халық соттарының жұмыс істеу механизмдері әзірленді.

Сонымен қатар, ол іс-құжат жүргізуді ұлттық жағдайларға бейімдеуге және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше мән берді.

Халықтың тұрмыс-салтын жақсы білетін А. Бірімжанов дәстүрлі құқық нормаларын (адат) егер олар кеңес декреттеріне қайшы келмесе, қолдануға рұқсаттылықты негіздеді. Бұл прагматикалық тәсіл Халық әділет комиссариатының тиісті циркулярларымен бекітілді (Султангазы 2019: 133).

Оның тікелей қатысуымен қалыңмал мен құнды жою жөніндегі заң жобалары әзірленді, сондай-ақ өңірдегі алғашқы құқық курстарының бағдарламалары жасалды, бұл кәсіби құқықтық білім берудің іргетасын қалады[17].

Оның ерекше беделінің айқын дәлелі – Қазақ АССР-дің сот қызметкерлерінің І-ші съезінің төрағасы болып сайлануы болды. РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесінде қызметін аяқтаған А. Бірімжанов өзін елеулі реформатор ретінде көрсетті. Қоғамды жедел жаңғырту жағдайында ол заң шығарудағы сараланған тәсілі арқылы этникалық мәдениетке қауіп-қатерді жұмсартуға және қазақ қоғамының жаңа тарихи жағдайларға құқықтық бейімделуін қамтамасыз етуге ұмтылды.

Талқылау

Ахмет Бірімжанов тұлғасы XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси процестері тарихнамасында нық орын алады. Оның қызметі дәстүрлі түрде ресейлік парламентаризм, «Мұсылман фракциясының» жұмысы және «Алаш» қозғалысының тарихы тұрғысынан қарастырылып келеді. А. Бірімжановтың есімі дәуірдің түйінді оқиғаларының – І және ІІ Мемлекеттік думалардағы қызметінен бастап, Комуч жұмысына қатысуына дейінгі аралықта – белсенді қатысушы ретінде жиі аталғанымен, заманауи ғылымда оның жүйелі ғылыми өмірбаяны әлі күнге дейін зерттеу нысанына айналмай отыр. Бұл мақала оқиғалық тарихтан Ахмет Бірімжанов тұлғасын архивтік деректер негізінде қайта жаңғыртылатын бірегей мәдени капитал иесі ретінде антропологиялық талдауға көшу арқылы аталған олқылықтың орнын толтыруды көздейді.

Тарихнамалық талдау XX ғасырдың басындағы саяси процестерді зерттеудегі ғылыми бағыттардың түбегейлі трансформацияланғанын айғақтайды. Кеңестік кезеңдегі еңбектерде қатаң идеологиялық детерминизм басым болды. Ұлттық қозғалыс зиялыларының қызметі тек таптық күрес тұрғысынан ғана пайымдалды. Олардың саяси бағдарламаларын «контрреволюциялық» деп таңбалау тарихи шындықты бұрмалап қана қоймай, олардың мемлекеттік-құқықтық бастамаларының әлеуетін де әдейі ескерусіз қалдырды (Брайнин 1935; Шафиро 1935; Тогжанов 1932; Бисембиев 1976).

М. Қойгелдиев, К. Нұрпейісов, Д. Аманжолова және басқа да зерттеушілер өкілдік ететін заманауи тарихнама кеңестік идеологиялық қасаң қағидаларды қайта саралап қана қоймай, ұлт-азаттық қозғалысты зерттеудің жаңа методологиялық парадигмасын қалыптастырды (Қойгелдиев 1994а; Қойгелдиев 1994б; Нұрпейісов 1995; Аманжолова 2009).

Заманауи тарихнама А. Бірімжановтың кәсіби және саяси қалыптасуының нақты кезеңдеріне назар аудара отырып, оның дербес траекториясын зерделеу аясын айтарлықтай кеңейтті. Атап айтқанда, болашақ қайраткердің Орынбор гимназиясы мен Императорлық Қазан университетінде оқыған кезеңіндегі интеллектуалдық әлеуеті мен саяси көзқарастарының қалыптасу үдерістері отандық және Ресей тарихшылары А. Айтмұхамбетов, Ж.С. Бегімбаева және С.В. Любичанковскийдің зерттеулерінде егжей-тегжейлі көрініс тапты (Айтмухамбетов 2010; Бегимбаева 2016; Любичанковский 2021). Зерттеушілер оның білім деңгейінің саяси ресурсқа айналуына ықпал еткен академиялық орта мен әлеуметтік-мәдени контексіне баса назар аударады.

XX ғасырдың басындағы Ресей парламентаризмі жүйесіндегі қазақ депутаттарының рөлі мен мәртебесі, соның ішінде I және II Мемлекеттік думалардағы «Мұсылман фракциясы» құрамындағы жұмысы Ө. Озғанбаевтың, Н. Әлімбай, Р.А. Циунчуктың еңбектерінде іргелі түрде талданған (Озганбаев 2000; Алимбай и др. 2023; Циунчук 2015). Бұл зерттеулер А. Бірімжановтың қызметін оқшауланған өмірбаяндық факт ретінде емес, ұлттық элитаның Ресей империясының құқықтық алаңында жергілікті халықтың мүддесін институционалды түрде қорғауға бағытталған жүйелі күш-жігерінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Аталған еңбектерде А. Бірімжанов макротарихи процестердің белсенді субъектісі ретінде көрінгенімен, ғылымда пәнаралық тәсілдердің тапшылығы әлі де сезіледі. Бұл зерттеудің өзектілігі жинақталған өмірбаяндық деректерді антропологиялық тәсілмен синтездеу қажеттілігімен айқындалады, бұл оның қызметін «мәдени капитал» тұжырымдамасы призмасы арқылы пайымдауға жол ашады.

Қорытынды

Қазақстан мен Ресей архив қорларындағы құжаттарды кешенді талдау нәтижесінде А. Бірімжановтың саяси қызметінің жүйелі хронологиясы айқындалды. Архивтік мәліметтер қайраткердің Ресей империясының Мемлекеттік думасындағы заң шығарушылық тәжірибесі мен 1920-жылдардағы кеңестік әділет органдарын қалыптастырудағы рөлі арасындағы институционалдық сабақтастықты көрсетеді. П. Бурдьенің әлеуметтік талдау әдісі бұл феноменді дәстүрлі тектік тәрбие мен классикалық заңгерлік білімнің сәтті үйлесімі ретінде түсіндіруге жол ашады. Мұндай интеллектуалдық әлеует А. Бірімжановқа өтпелі кезеңде ұлттық мүдделерді кәсіби-құқықтық деңгейде қорғауға мүмкіндік берді. Бұл сабақтастық әсіресе 1920-жылдардағы сот құрылысы саласындағы реформаларда айқын көрініс тауып, дәстүрлі қазақ құқық нормалары мен жаңа саяси жүйенің элементтерін интеграциялау арқылы Қазақ автономиясының құқықтық негіздерін қалауға негіз болды.

Тұжырымдай келгенде, А. Бірімжановтың саяси өмірбаянын антропологиялық және деректанулық тұрғыдан саралау, оның XX ғасырдың басындағы ұлттық элитаның қалыптасуындағы рөлін және қазақ мемлекеттілігінің институционалдық негіздерін нығайтуға қосқан үлесін жаңа ғылыми деңгейде зерделеуге мүмкіндік береді.

Ескертулер

1. Коллекция архивных документов, выявленных в зарубежных архивах. Астана қаласының Мемлекеттік Архиві. 430 қ. 13 т. 4 іс. 13-16 п.
2. Тургайское областное управление. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 25 қ. 1 т. 2498 іс. 3 п.
3. Оренбургская пограничная комиссия. ҚР ОМА. 4 қ. 1 т. 2262 іс. 15 п.
4. Оренбургская пограничная комиссия. ҚР ОМА. 4 қ. 1 т. 4082 іс. 343 п.

5. Коллекция архивных документов, выявленных в зарубежных архивах. Астана қаласының мемлекеттік архиві. 430 қ. 13 т. 4 іс. 6-10 п.

6. Тургайское областное управление. ҚР ОМА. 25 қ. 1 т. 467 іс. 58 п.

7. Тургайское областное управление. ҚР ОМА. 25 қ. 1 т. 467 іс.209 п.

8. Тургайский уездный комиссар. ҚР ОМА 322 қ. 1 т. 14 іс. 134-135 п.

9. Государственная дума I, II, III и IV созывов. Ресей мемлекеттік тарихи архиві (РГИА). 1278 қ. 1 т. 803 іс. 39 п.

10. Государственная дума I, II, III и IV созывов. РГИА. 1278 қ. 1 т. 803 іс. 36 п.

11. Тургайский областной комиссариат, Временное правительство. ҚР ОМА. 17 қ. 1 т. 7 іс. 3 п.

12. Тургайское управление. ҚР ОМА. 18 қ. 1 т. 13 іс. 4 п.

13. XX ғасырдағы саяси репрессияларға қатысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің архивтік құжаттар коллекциясы. Қазақстан Реуспубликасы Президентінің Архиві (ҚР ПА). 352 қ. Оп.1 т. 11494 іс. 19-25 пп.

14. Туземный отдел Министерства внутренних дел. Омск. 1918–1919 гг. Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА). 1701 қ. 1 т. 6а іс. 183 п.

15. Туземный отдел Министерства внутренних дел. Омск. 1918–1919 гг. РФМА. 1701 қ. 1 т. 6а іс. 184 п.

16. XX ғасырдағы саяси репрессияларға қатысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің архивтік құжаттар коллекциясы. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. 11494 іс. 47-62 п.

Әдебиеттер

Адрес-календарь 1905 – *Адрес-календарь Оренбургской губернии на 1905*. Оренбург, 1905. 105 с.

Айтмухамбетов 2010 – Айтмухамбетов А. А. *Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX – начале XX вв. (исторический аспект)*: дис. ... д. ист. наук. Семей, 2010. 346 с.

Алаш-Орда 1992 – Алаш-Орда: Сборник документов. Сост. Н. Мартыненко. Алма-Ата: Айкап. 1992. 192 с.

Алимбай и др. 2023 – Алимбай Н., З.Е. Кабульдинов З.Е., Б.К. Смагулов Б.К. Вопросы крестьянской колонизации Степного края в Государственной думе Российской империи (1906–1917 гг.). *Turkic Studies Journal*. № 3. 2023. С. 7-40.

Аманжолова 2009 – Аманжолова Д. На изломе. *Алаш в этнополитической истории Казахстана*. Алматы. 2009. 412 с.

Бегимбаева 2016 – Бегимбаева Ж.С. Векторы цивилизационного и межкультурного взаимодействия: анализ деятельности высших учебных заведений Российской империи в XIX в. Региональная история: методология, источники, историография. *Сборник научных трудов Третьих международных Усмановских чтений*, Стерлитамак, 2016. С. 324-327.

Бисембиев 1976 – Бисембиев Б. *Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана*. Алма-Ата: Казахстан. 1976. 428 с.

Брайнин 1935 – Брайнин С., Шафиро Ш. *Очерки по истории Алаш-Орды*. Алма-Ата-М.: Казкрайиздат. 1935. 149 с.

Бурдье 2007 – Бурдье П., Пассрон Ж.-К. *Воспроизводство.* Пер с франц. Н. Шматко. М., 2007. 267 с.

Васильев 1896 – Васильев А. *Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние*. Оренбург: Издание Тургайского областного статистического комитета. 1896. 226 с.

Государственная дума 1906 – *Государственная дума. Стенографические отчеты. 1906 год. Сессия 1-я. Т. 2. Заседания 19-38 (1 июня – 4 июля 1906 г.)*. СПб: Государственная типография, 1906. 2013 с.

Государственная дума 1907а – *Государственная Дума. Второй созыв. Стенографический отчет. 1907 г. Сессия первая.* Т. 1. СПб, 1907. С. 2271-2272.

Государственная дума 1907б – *Государственная дума. Указатель к стенографическим отчетам. Второй созыв. Заседания 1-53 (20 февраля – 2 июня 1907 года).* СПб: Государственная типография, 1907. 2230 с.

Қойгелдиев 1994а – Қойгелдиев М. *Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905–1917 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі.* Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1994. 320 с.

Қойгелдиев 1994б – Қойгелдиев М. *Алаш козғалысы*. Алматы: Санат. 1994. 448 б.

Любичанковский 2021 – Любичанковский С.В. Формирование казахской интеллигенции в учебных заведениях Оренбургского края: ответ на вызовы пореформенной модернизации. *Уральский исторический вестник*. № 4(73). 2021. С. 106-114.

Мусульманские депутаты 1998 – *Мусульманские депутаты Государственной Думы 1906–1917*. Уфа: Китап. 1998. 384 с.

Нұрпейісов 1995 – Нұрпейісов К. *Алаш һәм Алаш-Орда*. Алматы: Ататек. 1995. 178 б.

Озганбаев 2000 – Озганбаев О. *Государственная Дума России и Казахстан (1905–1917 гг.)*. Алматы: Арыс, 2000. 284 с.

Султангазы 2019 – Султангазы Г.Ж. Политическая деятельность Ахмеда Беремжанова. *Отан тарихы*. 4(88). 2019. С. 122-135.

Тогжанов 1932 – Тогжанов Г. *О Байтурсынове и байтурсыновщине.* Алма-Ата-М.: Казкрайиздат. 1932. 186 с.

Циунчук 2015 – Циунчук Р.А. Мусульманская фракция IV Государственной Думы накануне и в годы Первой мировой войны. *Первая мировая война и Государственная Дума: Материалы международной научной конференции.* Казань, 2015. С. 211-220.

References

Adres-kalendar' 1905 – *Adres-kalendar' Orenburgskoj gubernii na 1905*. Orenburg, 1905. 105 p. (in Russian)

Aitmukhambetov 2010 – Aitmukhambetov A. A. *Kazakhskie sluzhashchie Rossiiskoi imperii: formirovanie, professionalnaia i obshchestvenno-politicheskaia deiatelnost v XIX – nachale XX vv. (istoricheskii aspekt)*: dis. ... d. ist. nauk. Semei, 2010. 346 p. (in Russian)

Alash-Orda 1992 – *Alash-Orda: Sbornik dokumentov.* Ed. N. Martynenko. Alma-Ata: Ajkap. 1992. 192 p. (in Russian)

Alimbai et al. 2023 – Alimbai N., Z.E. Kabuldinov Z.E., B.K. Smagulov B.K. Voprosy krestianskoi kolonizatsii Stepnogo kraia v Gosudarstvennoi dume Rossiiskoi imperii (1906–1917 gg.). *Turkic Studies Journal.* No 3. 2023. P. 7-40. (in Russian)

Amanzholova 2009 – Amanzholova D. *Na izlome. Alash v jetnopoliticheskoj istorii Kazahstana.* Almaty. 2009. 412 p. (in Russian)

Begimbaeva 2016 – Begimbaeva Zh.S. Vektory tsivilizatsionnogo i mezhkulturnogo vzaimodeistviia: analiz deiatelnosti vysshikh uchebnykh zavedenii Rossiiskoi imperii v KhIKh v. Regionalnaia istoriia: metodologiia, istochniki, istoriografiia. *Proceedings of the Third International Usmanov Readings*, Sterlitamak, 2016. P. 324-327. (in Russian)

Bisembiev 1976 – Bisembiev B. *Ocherki istorii obshhestvenno-politicheskoj i filosofskoj mysli Kazahstana*. Alma-Ata: Kazahstan. 1976. 428 p. (in Russian)

Brajnin 1935 – Brajnin S., Shafiro Sh. *Ocherki po istorii Alash-Ordy.* Alma-Ata–Moscow: Kazkrajizdat.1935. 149 p. (in Russian)

Burd'e 2007 – Burd'e P., Passron Zh.-K. *Vosproizvodstvo*. Translated from the French by N. Shmatko. Moscow, 2007. 267 p. (in Russian)

Gosudarstvennaja duma 1906 – *Gosudarstvennaja duma. Stenograficheskie otchety. 1906 god. Sessija 1-ja. T. 2. Zasedanija 19-38 (1 ijunja – 4 ijulja 1906 g.)*. Sankt-Peterburg: State Printing House, 1906. 2013 p. (in Russian)

Gosudarstvennaja duma 1907a – *Gosudarstvennaja Duma. Vtoroj sozyv. Stenograficheskij otchet. 1907 g. Sessija pervaja.* Vol. 1. Sankt-Peterburg, 1907. Pp. 2271-2272 (in Russian)

Gosudarstvennaja duma 1907b – *Gosudarstvennaja duma. Ukazatel' k stenograficheskim otchetam. Vtoroj sozyv. Zasedanija 1-53 (20 fevralja – 2 ijunja 1907 goda)*. Sankt-Peterburg: Gosudarstvennaja tipografija, 1907. 2230 p. (in Russian)

Liubichankovskii 2021 – Liubichankovskii S.V. Formirovanie kazakhskoi intelligentsii v uchebnykh zavedeniiakh Orenburgskogo kraia: otvet na vyzovy poreformennoi modernizatsii. *Ural Historical Journal.* No 4(73). 2021. P. 106-114. (in Russian)

Musul'manskie deputaty 1998 – *Musul'manskie deputaty Gosudarstvennoj Dumy 1906-1917.* Ufa: Kitap. 1998. 384 p. (in Russian)

Nūrpeiısov 1995 – Nūrpeiısov K. Alaş häm Alaş-Orda. Almaty: Atatek. 1995. 178 p. (in Kazakh)

Ozganbaev 2000 – Ozganbaev O. *Gosudarstvennaia Duma Rossii i Kazakhstan (1905–1917 gg.*). Almaty: Arys, 2000. 284 p. (in Russian)

Qoigeldiev 1994a – Qoigeldiev M. *Qazaq demokratialyq inteligensiasynyñ 1905–1917 jyldardağy qoğamdyq-saiasi kyzmetı.* Dissertation for the Degree of Candidate of Historical Sciences. Almaty, 1994. 320 p. (in Kazakh)

Qoigeldiev 1994b – Qoigeldiev M. *Alaş kozğalysy.* Almaty: Sanat. 1994. 448 p. (in Kazakh)

Sultangazy 2019 – Sultangazy G.Zh. Politicheskaja dejatel'nost' Ahmeda Beremzhanova. *Otan Tarihy (National History)*. 4(88). 2019. Pp. 122-135 (in Russian)

Togzhanov G. *O Bajtursynove i bajtursynovshhine.* Alma-Ata–Moscow: Kazkrajizdat. 1932. 186 p. (in Russian)

Tsiunchuk 2015 – Tsiunchuk R.A. Musulmanskaia fraktsiia IV Gosudarstvennoi Dumy nakanune i v gody Pervoi mirovoi voiny. *The First World War and the State Duma: Proceedings of the International Scientific Conference.* Kazan, 2015. P. 211-220. (in Russian)

Vasil'ev 1896 – Vasil'ev A. *Istoricheskij ocherk russkogo obrazovanija v Turgajskoj oblasti i sovremennoe ego sostojanie.* Orenburg: Published by the Turgay Regional Statistical Committee. 1896. 226 p. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет

Гүлжан Кәкімбекқызы Ерменбаева – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ғылыми және қолданбалы зерттеулер орталығының аға ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қазақстан, Астана қ., gulzhanermenbayeva@gmail.com, https://orcid.org/0009-0002-1462-073X

Гүлмира Жолмағамбетқызы Сұлтанғазы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, бас ғылыми қызметкер, Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана қ., Қазақстан, g_sultangazy@kazguu.kz, https://opcid.org/0000-0002-8998- 5875

Сведения об авторах

Гульжан Какимбековна Ерменбаева – кандидат исторических наук, доцент, старший научный сотрудник центра научных и прикладных исследований, Архив Президента Республики Казахстан, Казахстан, г. Астана, gulzhanermenbayeva@gmail.com, https://orcid.org/0009-0002-1462-073X

Гүлмира Жолмағамбетқызы Сұлтанғазы – кандидат исторических наук, доцент, главный научный сотрудник, Научный институт изучения улуса Джучи, Казахстан, г. Астана, g_sultangazy@kazguu.kz, https://opcid.org/0000-0002-8998- 5875

Information about authors

Gulzhan K. Yermenbayeva – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Senior Research Fellow at the Center for Scientific and Applied Research, Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Astana, gulzhanermenbayeva@gmail.com, https://orcid.org/0009-0002-1462-073X

Gulmira Zh. Sultangazy – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Chief Research Fellow, Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan, g_sultangazy@kazguu.kz, https://opcid.org/0000-0002-8998- 5875

МРНТИ / IRSTI 68.75.13